

*М. Е. Уалиев, жалпы білім беретін пәндер кафедрасының аға оқытушысы, полиция майоры;
Ә. Б. Жағыпар, жалпы білім беретін пәндер кафедрасының оқытушысы, тарих
ғылымдарының магистрі, полиция лейтенанты (ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды
академиясы)*

**«МӘНГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ АЯСЫНДА ВЕДОМСТВОЛЫҚ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА
КУРСАНТТАРҒА «ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫН» ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕЛЕУ**

Қазақстан Республикасында қазіргі таңдағы ең өзекті мәселе бақытымыз баянды, 25 жыл толып отырған тәуелсіздік ғұмырлы болуына орай, тарихтан тағылым алған, ұлттық рухани-ят қайнарынан қанып ішкен жас буын-жас ұрпақты тәрбиелеу мәңгілігіміздің мәңгілік мәсе-лесі болып табылады. Бұл ретте тарих тағылымын санада жаңғырта отырып ұрпақтар сабақтастығын қалпына келтіру үрдісі өзекті сипатқа ие. Қазақстан Республикасы Президенті Н. Ә. Назарбаев: «Біз болашаққа кәз тігіп, тәуелсіз елімізді «Мәңгілік Ел» етуді мұрат қыл-дық. «Қазақстан — 2050» Стратегиясы осынау мәңгілік жолдағы буындар бірлігінің, ұрпақ-тар сабақтастығының кәрінісі», — деп бүкіл Қазақстан тарихы бірігу тарих екенін атап өткен болатын. Сондықтанда, тарих бүкіл адамзаттың жүріп өткен жолын, жинаған тәжірбиесін, елдердің өмірін баяндайтындықтан, болашағымызды ойласақ «Мәңгілік ел» идеясын насихаттауда тарихты оқып үйретуіміз керек.

«Мәңгілік ел» идеясы негізгі үш тағаннан: «бірінші — Түркі қағанаты билеушілерінің (Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк) саяси акт — «манифесті» әзірлеп, тарих сахнасына шығаруы, екіншісі — әл-Фарабидің философиялық шығармасында идеяның теориялық-философиялық тұрғыдан негізделуі, үшіншісі — Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дидактикалық дастанында құқықтық мемлекеттің негізгі қағидаларының, яғни Ата заң іргетасының қалануы», — тұрады. Идея мемлекеттік сипат алу үшін елде өмір сүріп отырған халықтың мақсат-мүддесімен сай келуі және ел тарихы тамырынан нәр алған болуы керек. «Тәуелсіздік. Келісім. Болашағы біртұтас ұлт» күн тәртібімен өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XXIV сессиясында қабылданған Мәңгілік Ел — Патриоттық актісінде Елбасы Н. Ә. Назарбаев: «Мәңгілік Ел, бұл — Тарихтың, Мәдениет пен Тілдің ортағы. Біз ортақ тарихи мұрамыз-ды мұқият сақтайтын боламыз», — деген болатын. Сондықтанда, ежелгі дәуірдегі Тұмар ханшайым, Шырақ батыр, атақты Атилладан бастау алатын азаттық жолы әр ғасырда өзінше түрленіп отырып, әлемді ат тұяғымен дүбірлеткен түркі жұрты тәуелсіздік үшін күресінде тарих қойнауынан нәр алған «Мәңгілік ел» идеясын ту етіп кәтерді.

«Мәңгілік ел» идеясының теориялық-философиялық тұрғыдан негіздеген Әбу-Насыр әл-Фараби: «Тарихты білмей — өткенді, қазіргі жағдайды білу, келешекті болжау қиын», — деп нақты айтып кеткен. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғалы бері ел азаматтарының тарихи сана мен білімін кәтеруге ерекше кәңіл бәлуде. Қазақстан тарихын оқыту турасында Қазақстан Республикасы Президенті Н. Ә. Назарбаев: «Қазақстанның азаматы ғасырлар тоғысында өзінің арғы-бергі тарихы жолын ой елегінен өткізіп, кеше кім едім? Бүгін кіміз? Ертең кім боламыз?» деген тәңіректе ойлансын деген сөз. Бұл — әрбір азамат тарих қойнауына ойша тереңдеу арқылы өзінің ата-бабалары қалдырған осындай кең байтақ жердің лайықты мұрагері болуға ұмтылсын деген сөз», — деп нақты қадап айтқан. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік жылдарында тарих пәнін оқытуды жақсартуға бағытталған маңызды іс-шаралар Қазақстан тарихының мазмұнын байытатын тың деректермен толықты, ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету бағытында жұмыстар атқарылды, ең бастысы Мемлекеттік білім стандарты жасалды. Дегенмен, әлі де үлкен міндеттер тұр. Біріншіден, ұлт тарихын зерттеу методологиясын жетілдіру қажет, екіншіден, Қазақстанның дербес мемлекет ретінде қалыптасу кезеңдерін айқындау, үшіншіден, ұлттық тарихты оқыту.

Қазақстан Республикасының үздік білім беру жүйесінің тәрбие тұжырымдамасында басым бағыттардың бірі болып патриоттық тәрбиенің бекітілуі де бекер емес. Шынында да, ұлтқа деген сүйіспеншілігі жоқ адамнан адамгершілікті де, сұлулықты да, мәдениетті күтуге болмайды. Ендеше, патриоттық тәрбие — тәрбиенің басты бағыттарының бастауы десек, қателеспейміз. Қазақстан тарихы «Мәңгілік ел» идеясын, ұлт болашағын, қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға ерекше үлес қосатын пән. Қазақстан тарихы курсанттардың дүниеге

кәзқарасын қалыптастыруға, адамгершілікке, отаншылдыққа, қаһармандыққа, ұлтжандылыққа, барлық халықтарды құрметтеуге, олармен достық қатынас орнатуға, еңбексүйгіштікке, діннің тарихтағы рөлін дұрыс түсінуге тәрбиелеуге, оларға эстетикалық, экологиялық, экономикалық тәрбие береді. «Тәрбиесіз берілген білім — адамзаттың қас жауы», — деп Әл-Фараби айтпақшы, курсанттарға сабақ үстінде тәрбие берудің ерекше әдіс-тәсілдері жоқ, тарихты оқыту әдіс-тәсілдері пайдаланылады, бірақ-та сол әдістерді қолдану тәсілдерінде және олардың әсерлілігінде, эмоциялығында. Оларды талдап атап өтетін болсақ:

- ұлт қайраткерлерінің (хандардың, билердің, шешендердің, байлардың, Алаш зиялыларының, ғалымдардың, ақындардың, мемлекет және қоғам қайраткерлерінің) портреттерін іліп қойып, қайраткерлік істері мен адамгершілік қасиеттерін талдау;

- оқытушының тебірене айтқан әңгімесі;

- тарихи романдардан оқыған бір-екі минуттық әсерлі үзінді;

- технологияны қолдану барысында кино-фильмдер фрагменттері;

- тарихи құндылығы бар зәулім ғимараттарға берген әсерлі сипаттама;

- терминологиялық сәздікпен жұмыс жасау;

- қосымша мәліметтер БАҚ-та жарияланған материалдарды талдап, курсанттардың өздері-не қорытынды жасатуды және т. б.

Осы айтылғандарды оқытушы тиімді қолданған жағдайда курсанттың ішкі-жан дүниесіне жеткізе білсе, сана-сезіміне әсер етеді. Сондықтанда, ведомстволық жоғары оқу орындарында оқушы курсанттарға Қазақстан тарихы пәнін «Мәңгілік ел» идеясы аясында оқыта отырып, қазақстандық патриотизмде тәрбиелеуіміз керек. Адамдарды уақытша алдауға болатын шығар, ал тарихты алдап кету мүмкін емес. Ғылымда тарихпен тәрбиелеу деген қағида бар. Тәрбиелеумен қоса тарих таразылай да, жазалай да біледі. Тарихтан тағылым алып, тәрбие-лік мәнде түсініп, оны түсіндіре білу — ұлтын сүйетін, елін қадірлейтін, тарихын баяндап саралай білетін ұрпақ қана тәуелсіздік тұғырын биіктетуге қабілетті болады.

Қазақстан Республикасының Президенті — Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстан — 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты». 14.12.12 // <http://www.akorda.kz>

2 Сыздықов С. М. Қарқаралы — «Мәңгілік елдің» мәңгі қаласы // Қарқаралы қаласының 190 жылдығына арналған «Қарқаралы қаласы: тарихы мен бүгіні» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. — Қарағанды, 2015.

3 <http://www.egemen.kz/2016/04/27/36900>

4 Қазақстан тарихы. — 2003. — № 1.

5 Қойгелдиев М. Тарих және қоғам // Егемен Қазақстан. 2005. 9 ақпан.